

Аудан әкімі А. Смайыловтың Ауғанстан Республикасынан Кеңес әскерінің шығарылғанына арналған құттықтауы

Құрметті бұландылықтар!

15 ақпан - ауыр аманат арқалап, өмір мен өлім белдескен шайқасқа қатысып, батылдық пен ерліктің ерен үлгісін көрсеткен жауынгерлерімізді еске алу күні.

Сіздерді аталған тарихи күнмен шын жүректен құттықтаймын! Осындай ел басына күн туған заманда қашанда ер кеуделерін отқа төсеген ер азаматтарымыз, батырларымыздың асқақ рухтарына басымызды иіп, шексіз алғысымызды білдіреміз!

Мерекелеріңізбен құттықтай отырып, зор денсаулық, отбасыларыңызға баянды бақыт тілеймін. Жастарымызды өз Отанын, туған жерін сүйеге, қорғауға тәрбиелейтін үлгі болар ерліктеріңіз жаңғыра берсін.

Дорогие наши ветераны, выполнившие интернациональный долг в Республике Афганистан!

В этом году отмечается 36-годовщина со дня вывода советских войск из Демократической республики Афганистан. Примите искренние поздравления в этот знаменательный день в вашей жизни! Желаю воинам-интернационалистам крепкого здоровья, спокойствия в душе, долголетия, тепла и уюта в семьях, чистого неба над головой! Чтобы никогда тень войны не накрывала наши дни!

Спасибо вам за ваше мужество и честь, отвагу и преданность Родине!

Пусть всегда и везде царит мир, а будущее будет светлым!

Н. СЕКСЕНОВ, председатель районного маслихата.

Уважаемые воины - интернационалисты!

В Афганистане советские войска, в составе которых были и наши буландынцы, проявили храбрость и самоотверженность и стали примером честного выполнения воинского долга.

Четверо наших земляков не вернулись с той войны: Юрий Сало, Владимир Павленко, Юрий Макаренко, Ибрагим Кожамбетов. И мы отдаём дань уважения живым и склоняем головы перед светлой памятью погибших героев.

Уважаемые воины- интернационалисты!

Вы вносите значимый вклад в поддержание стабильности в обществе, воспитание патриотизма у молодёжи, являетесь примером для подрастающего поколения района.

Благодарю Вас за мужество и стойкость, принципиальную и ответственную гражданскую позицию, за всё, что Вы делаете сегодня для укрепления суверенитета и независимости Казахстана.

Желаю вашим родным и близким мирного неба, здоровья, счастья и благополучия.

А. МУХАНЖАНОВ, начальник Объединенного отдела по делам обороны Буландынского района и района Біржан сал.

Ақсақалдар бата беріп жарысты

Сөз қадірін тереңнен түсініп, астарына үңіле білген халқымыз үшін бата, бата берудің, бата сұраудың үлкен мәні бар. Халқымыздың «Баталы құл арымас, батасыз құл жарымас», «Жаңбырмен жер көгереді, батамен ел көгереді»-деуі осының белгісі болар. Жалпы бата ауыз әдебиеті, соның ішінде қазақ поэзиясының ерекше түріне жатады. Тіл мамандары «Бата – арабдың «фатеке» деген сөзінің қазақша айтылу түрі»,- дегенге тоқталады. Демек алғысын айтып, жүрек жарды тілегін, шынайы көңілін білдіру және Ж а р а т қ а н н а н жарылқау тілеу. Бұлай жасау, яғни кез келген



игілікті істі ақ батамен бастау біз үшін сонау ықылым заманнан бері жалғасып келе жатқан заңдылық. Бұл жерде батагөй қарияның білімі, парасат пайымы, шешендігі үлкен маңызға ие.

Осы бір ұлағатты дәстүрді насихаттау мақсатында аудандық «Алтайбек ата» мешіті қазыналы қариялардың бастарын қосып «Аталардың ақ батасы» атты аудандық бата беру жарысын өткізді. Бата беру жарысына ауданымыздың батагөй ақсақалдары қатысты. «Алтайбек ата» мешітінің бас имамы Дәрігерхан Тұрдықынұлы бата беру дәстүрінің маңыздылығын тілге тиек етіп, жас ұрпаққа тигізер пайдасына тоқталды. Аудандық маслихат төрағасы Нұрбек Балтабекұлы Сексенов құттықтау сөз сөйлеп, қарияларға сәттілік тіледі. Бата сайысына қатысқан аталарымыз жеребе тарту арқылы өздеріне келген тақырыпқа сай бата берді. Ақ баталарын беріп, сүбелі сөздерімен елдің, жердің амандығын тілеген аталарымыздың арасынан 3-орынды Жандәулет Алдасосов еншіледі. 2-орын Қанат



Көшкенбаевқа бұйырса, 1-орынды Сиражадин Көбеев иеленді. Жеңімпаз атанған Сиражадин ақсақал, бата беруден облыстық жарыста аудан намысын қорғайтын болады. Аталарымыздың ақ бата берген сайысына «Алтайбек ата» мешітінің бас имамы Дәрігерхан Тұрдықынұлы, аудандық маслихат төрағасы Нұрбек Балтабекұлы және бұған дейінгі бата беру жарыстарының жеңімпаздары Сайлаубай Бекетайұлы мен Мазах Қатан ақсақалдар төрағалық етті. Жұлдегерлер алғыс хаттар және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

З. ЖАЙНАРБЕК.



ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ

Еңбек адамының еңсесі биік

«Жұмысшы мамандықтар жылына» арналған «Еңбек адамы» айдарының келесі кейіпкері Таңжарық Тұрсынбайұлы Ақылбеков. Аудандық Балалар және жасөспірімдер спорт мектебінде көлік жүргізуші болып қызмет ететін Таңжарық Тұрсынбайұлы 2012 жылдан бері газель автокөлігін тізгіндеп аудан командасын түрлі жарыстарға тасымалдап жүр. Таңжарық Тұрсынбайұлын футболдан аудан командасымен облыстық жарысқа кеткелі тұрған жерінен әңгімеге тартып үлгерді. Көршілес Еңбекшілдер ауданында дүниеге келіп,



Уәлихан ауданы Ақбұлақ ауылында еңбек етіп, 1982 жылы Отан алдындағы борышын өтеуге аттанды. 1984 жылы әскерден орала салып түрлі салада еселе еңбек етті. Қазіргі таңда өз мамандығы бойынша автокөлік жүргізушісі болып еңбек етуде. Қызметі жайлы мақала кейіпкері: «Әртүрлі жарыстарға командаларды алып барам. Көбінде балалар болғаннан кейін көлігің сай болуы керек. Оны әрдайым тексерістен өткізіп, жолға дайындап отырам. Өйткені жарысқа балаларды тасу деген бұл үлкен аманат. Әсіресе ауарайы мың құбылатын қысқы уақытты тіптен қиын»-дейді мақала кейіпкері. Таңжарық Тұрсынбайұлы өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарайтын маман. Жарысқа бара жатқан балаларға әсерлі әңгімелерін айтып, жігер беріп, жеңілгенді жасытпай дем беру Таңжарық Тұрсынбайұлының әдеті. Өзі де 6 бала тәрбиелеп өсіріп, немере көріп отырған ұлағатты жан.

Ж. ЗАНДЫБАЙ.

Инженер – профессия ответственная

Молодой представитель рабочей профессии Данияр Сахимжанов на сегодняшний день работает инженером КИПиА Макинского завода теплоизоляции.

Инженер КИПиА (инженер контрольно-измерительных приборов и автоматики) – это специалист, который занимается проектированием, настройкой, обслуживанием и контролем информационно-измерительных приборов и систем автоматики и управления в различных отраслях промышленности.

Данияр Маратович – выпускник Высшего колледжа транспорта и коммуникаций г. Астаны по специальности «Автоматика, телемеханика и управление».

Контролирует бесперебойную работу автоматики на заводе, так как процесс производства автоматизирован, а сложенная работа играет важную роль в производстве.

**Молодежный ресурсный центр
Буландынского района.**



АУДАН ТЫНЫСЫ – ПУЛЬС РАЙОНА

Көкшенің көктұйғыны – Құдаш ақын

Құт қонған киелі Көкше өңірі қай уақытта да таланттарға кенде болмаған. Аспандағы аққауға үнін қосқан Біржан сал, алты алашқа аты аян болған Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақтарды білмейтін жан жоқ. Тіпті бер жағынан тілге тиек етсек Көкен Шәкеевтің өзі төл өнерді көкке көтерген дарабоздардың бірі. Ал, бүгін сол асылдардан қалған киелі өнердің киесін кетірмей абыройын асқақтатып, мәртебесін көтеріп жүргендердің бірі Құдайберлі Мырзабек. Көкшенің ғана емес құллі қазақтың маңдайына біткен ақыны, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, ҚР мәдениет саласының үздігі Құдайберлі Мырзабекпен ауданымызға қарасты Қараөзек ауылында кездесу кеші өтті. Қараөзек ауылдық мәдениет үйінің қызметкері, «қауырсын» жас ақындар үйірмесінің жетекшісі Елеш Хавылханұлының ұйымдастыруымен өткен кездесу кешінің жастарға берер

тәрбиелік мәні зор болды. Кеш барысында «Көкшенің Көктұйғыны» атанған Құдайберлі ақынның өлеңдері оқылып, әндері орындалды. Сондай-ақ жас ақындар арасында «Көкшенің көктұйғыны 60 жаста» атты жас ақындар мүшәйрасы өтті. Құдайберлі ақынға арналған жыр бәйгесінде Мәдина Хайымхан 3-орынды иеленсе, 2-орын Бағзи Арай Таштуанқызына бұйырды. Жүлделі 1-орынды Нұрғиса Елеш иеленді. Кездесу кешінің құрметті қонағы Құдайберлі Мырзабек алғысын айтып, өз ризашылығын білдірді. Ал, аудан атынан ақынның иығына шапан жауып, құрмет көрсетілді.

Құдайберлі Мырзабек бүгінде облыс орталығындағы Тарихи-өлкетану мұражайының директоры болып қызмет етуде. Бұған дейін Мәлік Ғабдуллин мұражайының директоры болып қызмет атқара жүріп «Мәлік Ғабдуллин тұлғасына ғылыми бетбұрыс» деп аталатын көпжылдық бағдарламасын әзірледі. Бір

сөзбен айтқанда Құдайберлі Мырзабектің ұлт руханиятына қосып келе жатқан үлесі ұшан теңіз.

Құдайберлі Мырзабектің айтыскерлік өнері жайында ақын, жыршы, драматург-жазушы, Қазақстанның және Қырғыз Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қайраткері Баянғали Әлімжан: «Дәстүрлі қазақ ауылынан шыққан, тереңдегі түп тамырдан нәр алып өскен Құдайберлі Мырзабек - айтыс өнерінде домбырасы күмбірлеп, ашық үнмен саңқылдаған, поэзияда қайталанбас қолтаңбасын қалыптастырған дарынды тұлға» - деп баға береді. Айтса айтқандай Құдайберлі Мырзабек айтыс әлемінде жасындай жарқылдап талай мәрте топ жарған. Құдайберлі ақынның өлең-жырдың ордасына айналып келе жатқан аядай Қараөзек ауылына арнайы келу біз үшін мәртебе.

З. ЖАЙНАРБЕК.

Нұрғисаның жеңісі

Өнерде өрге басып, әуелетіп ән салса алты қырдан асыратын, айтысса ақтаңгердей көсіліп алдына жан салмайтын ауданымыздағы жас таланттардың бірі Нұрғиса Елешұлы. Нұрғиса жақында жыр алыбы Жамбылға арналған облыстық оқушылар айтысында оза шауып республикалық кезеңге жолдама алды. Сондай-ақ, «Жарқын болашақ» республикалық қазақ тілі олимпиадасының «Әнші бұлбұлдар» номинациясы бойынша 1-орынды иеленіп, республикалық кезеңге өтті. Айтыспен қоса ән байқауынан да Ақмола облысының намысын қорғағалы отырған жас талантқа сәттілік тілей отырып, Нұрғисаның төл туындысын назарларыңызға ұсынамыз.



Жамбылға арна

Атанды бала кезден Жамбыл ақын,
Нәсерлеп себелеген жаңбыр ақын.
Өтсе де екі ғасыр ел ішінде,
Атың бар мәңгі бақи жаңғыратын.
Менің пірім Сүйінбай деп бастаса,
Өрт көңіл өлең жырды жандыратын.
Өнерің алты алашты мойындатқан,
Өлеңің естіні естен тандыратын.

Ақын ең арғымақтай құйындатқан,
Жеңісті қарсыласқа қиындатқан.
Жазғаның жүректерден орын алып
Айтарың ақтарылып миыңда аққан.
Қисынды қара сөзің қорғасындай,
Тереңнен тебірткен ойың батпан.
Сенен бұрын ешкімде жеңе алмаған,
Құлмамбетті өнерің мойындатқан.

Жаратқан бір ғасырлық уақыт берген,
Қилы заман қиянды бағыт көрген
Әр сөзінде әсерлі мағына бар,
Жауһар жыр жүрегінен Жақұт терген
Өшемін деген рухқа сезім беріп
Сенімді ойдың сәулесін жағып келген.
Ленинградтық өренім өлеңімен,
Жауынгердің рухына шабыт берген.

Ұстазы Сүйінбайдан бата алыпты,
Өлеңменен өнерді қатар ұқты.
Ұстазы жақсының ұстамы жақсы болғандықтан,
Ойынан жібермеген қаталықты.
Еңбектің қызыл туын төсіне іліп,
Онкүндікке Мәскеуден хат алыпты.
20 ғасырдың Гомері деп,
Ғалымдардан өшпейтін ат алыпты.

Тектілікті көремін өткен ізден,
Лағылды сүзіп алғандай көк теңізден.
Бабаның сарқыншағы бола алмасақ,
Бұндай сөз шыға бермес текке бізден.
Көркейіп өсіп бізде құлпырайық,
Раушан секілденіп көктем үзген.
Жамбылдай Жалынды ұлдар шыға берсін,
Жаңбырдай себелетер Көкшемізден.



Ақ халатты абзал жандардың еңбектері ерен

«Ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын ізде»-дейді дана халқым. Дегенмен отбасы, жұмыс, бала-шаға, күйбең тірлік деп жүргенде осы қағида естен шығып кетеді ғой. Аһ ұрып ауырған кезде ғана есімізге алып өкініп жатамыз. Соның бір дәлелі ретінде 2025 жылдың 5 ақпан күні ауырып, Бұланды аудандық ауруханасына қаралуға келдім. Тіркеу бөліміне келіп жағдайымды түсіндіріп едім, 82 кабинетке барыңыз деп жол нұсқады. Ол кабинетте отырған дәрігер жағдайымен қанық болған соң, сіз 79 кабинетке барсаңыз, ары қарай белгілі болады деп шығарып салды. 79 кабинеттегі «дәрігер шақыруға кеткен күте тұрыңыз»-деді көмекші мейірбике. Есік алдында күтіп отырдым. Сәлден соң ұзын бойлы, қысық көз, аққұба жігіт кабинетке кірді, менде соңынан ере кірдім. Көмекші мейірбике мен жайлы түсіндіріп еді, дәрігер сыпайы ғана отырыңыз деп жанындағы төсекті нұсқады. Қай жеріңіз, қашаннан бері ауырады... деп жатыр

- ішім деп едім

- ішімді басып көріп

- сізде «соқыр ішек» деп нақты айтты да, қолыма бір бет қағаз беріп, жедел қан талдауын жасатып келіңіз деді. Сараптамаға қан тапсырып қайта келіп едім, сараптама қорытындысы да дайын болған екен. Сіз 4 қабатқа ХИРУРГИЯ бөліміне көтеріліңіз, сізге шұғыл ота жасаймыз деп қысқа қайырды, дәрігер.

Хирургия бөліміне көтеріліп келдім мені

алдымнан ақ халатты абзал жандар, үлкенді кішілі дәрігерлер мен мейірбикелер күтіп алып бәйек болып жатыр. Сонымен не керек маған жол көрсетіп бір мейірбике үстіңгі қабатқа ота бөліміне ертіп келді. Жан-жағы апараттарға толы кабинетті көргенде көзім шарасынан шығып, бірінші Алла екінші дәрігерлерге сенемін деген дыбыс ішімнен күбірлей бастады. Өзімді осы дәрігерлер мен мейірбикелерге табыс еткендей болдым. Бірақ жүрегімде еш қорқыныш болмады. Себебі осы хирургия бөлімінің дәрігерлері мен мейірбикелері сол сәтте менің туғандарымдай сезілді. Көздері мейірімге толы, жүректері жігерлі өз мамандарының майталмандары екендеріне көзім жеткедей, менің жүрегімді баурап алғандай болды.

Сөйтіп операциядан аман-есен жаным қалды. Ұйқыдан ояңандай болдым. Көзімді ашсам жанымда ақ халатты абзал жандар бірінен соң бірі «Саулеш оян!... Мені естимісің?... Қәне кеттік сені палатаңа апарамыз, 1,2,3 деп... көтеріп, біреуі ой жарайсың Саулеш»- деп қолдап қояды.

Менің айтайын дегенім ХИРУРГИЯ бөлімінің аға дәрігері Садвакасов Тайбасар Төлегенұлы, Рахымжанов Талғат Сайбекұлы, Тұрдыметов Азамат Мамыржанұлы, Рылов Юрий Евгеньевичке ерекше алғысым шексіз. Мен осы бөлімде ем алып жатқалы қанша ма адамды емдеп, қанша ма адамға ота жасады. Қай уақытта да сайдың тасындай болып, төрт

көзі түгел дайын тұратындарына қуандым. Міне, нағыз дәрігер! осындай болу керек деп жүзіме шаттық ұялады. Кейде бұл дәрігерлер үйлеріне бара ма? - деген сұрақ та туындайды екен.

Сонымен қатар осы бөлімнің мейірбикелері:

Малозёмова Т.И. ота бөлімінің көмекші мейірбикесі, Жакупова С. С аға мейірбике, Бурумбаева К.Н., Рахимжанова Б.А., Белуш В.Г., Асадова М.А., Санникова С.И., аталмыш мейірбикелердің де еңбегі орасан зор. Көздері мейірімге, қолдары шипалы ақ халатты абзал жандар екенін дәлелдей түсті.

Менің түсінігім бойынша «Дәрігер деген - адам өміріне жауапты, ажалға араша тұратын, еңбегінің қыр-сырын жете меңгерген сонымен қатар жүректі, қайсар болуы тиіс»- деп білемін!

Жоғарыда аталған дәрігерлер мен мейірбикелерден осы қасиетті көрдім десем артық айтқаным емес.

Құрметті Бұланды аудандық ауруханасының ХИРУРГИЯ бөлімінің дәрігерлері, мейірбикелері және ұжымдағы барлық қызметкерлері сіздердің адам өміріне қосатын үлестеріңіз орасан зор



екенін айта отырып шын жүректен алғыс білдіремін!

Сіздердің жұмыстарыңызға табыс, отбасыларыңызға амандық, береке мен бірлік, қуаныш пен бақыт, мейірім мен шаттық тілеймін!
Ізгі тілекпен С. ДОЛИЙ.

КЕЗДЕСУ, МАРАПАТ, МЕРЕЙТОЙЛАР – ВСТРЕЧИ, НАГРАДЫ, ЮБИЛЕИ

Юбилей мудрости: гордость, уважение и почет



Свой знаменательный юбилей – 85 лет – отмечает почетный ветеран труда и государственной службы Анатолий Александрович Шкарин.

Юбилар внес большой вклад в социально-экономическое развитие района, много лет проработал на государственной службе, занимал ответственные руководящие посты, всегда пользовался и пользуется авторитетом среди коллег и жителей района. Следует отметить, что с именем Анатолия Александровича связано становление ветеранской организации района. В период своей работы Анатолий Александрович проявлял заботу о пожилых людях, мобилизовывал их на активное участие в общественной жизни района, на работу по

патриотическому воспитанию молодежи, вместе с пожилыми людьми способствовал становлению нашего молодого государства. Его наставниками являлись бывшие председатели районного совета ветеранов – Александр Иванович Токарев, Иван Федорович Козаренко, Виктор Иванович Белый, Евгений Николаевич Санников.

Анатолий Александрович родился 15 февраля 1940 года в селе Наумовская Вологодской области. После окончания средней школы работал рабочим в колхозе.

В 1959 году был призван в ряды Советской Армии, прослужил 3 года в Ленинградском военном округе. После демобилизации с 1962 по 1967 годы – учеба в Целиноградском сельскохозяйственном институте на экономическом факультете. После окончания вуза получил направление главным экономистом в совхоз «Ергольский» Макинского района. Затем был переведен начальником плано-экономического отдела Макинского сельхозуправления, где проработал 12 лет. С 1984 года – председатель районной плановой комиссии Макинского райисполкома, после реорганизации госоргана в 1991 году и до 2003 года, до ухода на заслуженный отдых, работал заместителем главы райадминистрации, начальником отдела экономики аппарата акима района, курировал вопросы экономического развития района, выпуск товаров народного потребления и торговли, решал жизненно важные вопросы района.

В 2003 году был избран председателем районного совета ветеранов и в этой должности проработал более 10 лет.

За свои трудовые заслуги Анатолий Александрович был награжден 6 медалями, многочисленными Почетными Грамотами областных и районных служб, имеет 2

благодарности от Президента Республики Казахстан РК Н.А.Назарбаева.

В свое время он являлся депутатом, председателем районной избирательной комиссии.

Анатолий Александрович один из тех людей, который никогда не сетует, не жалуется на судьбу. Он всегда улыбчив, приветлив, приятен в общении, может поддержать любую беседу, так как обладает не только жизненной мудростью и опытом, но и глубокими знаниями в разных сферах. Его жизнь была насыщенной, все в жизни приходилось добиваться собственным трудом, и работа была не в тягость. Вместе с супругой, которая, к сожалению, покинула этот мир, они воспитали детей, работали для семьи. С уважением относится он к своим коллегам – руководителям государственных учреждений, которые тоже сегодня находятся на заслуженном отдыхе.

Жизненный и трудовой путь Анатолия Александровича – настоящий пример стойкости, трудолюбия, ответственного отношения к делу, дисциплины и порядка. Будучи на руководящих постах он был наставником не одному поколению молодых сотрудников государственной системы. Никогда не делит людей, относится к каждому с добротой и вниманием, поддерживает добрым словом и мудрым советом.

Поздравляем Вас, Анатолий Александрович с прекрасным юбилеем! Желаем Вам крепкого здоровья, бодрости духа еще на долгие годы, быть окруженным любовью и заботой детей и внуков, встречая каждый новый день с улыбкой и хорошим настроением. Пусть в вашем доме всегда будет уют и покой, небо над головой ясным, а предстоящие юбилеи станут стимулом для новых оптимистичных планов.

А. АМАНЖОЛОВА.

Поздравляем!

Почетного и уважаемого ветерана труда Анатолия Александровича Шкарина поздравляем с 85-летием!

Желаем семейного уюта, благополучия, счастья и радости, понимания родных и близких, уважения окружающих, доброты и щедрости души, прекрасного самочувствия и отличного здоровья.

Уже свой восемьдесят пятый год
Встречаете вы с бравым настроением.
Мы вам желаем жизни без забот,
Приправленной успехом и везением!
Здоровье пусть не думает, шалить,
Чтоб ни один ещё годочек встретить.
И пусть родные помогают, быть
Счастливей всех на этом белом свете!

С уважением, районный Совет ветеранов.

Примите поздравления от всей души

15 февраля свой славный юбилей – 85 лет – отмечает замечательный человек, активист и общественник, неравнодушный житель района, ветеран труда и государственной службы Анатолий Александрович Шкарин.

85 лет – прекрасный юбилей. Юбилей мудрости, жизненного опыта и ценных знаний. Пусть он не огорчает, не забирает силы, а только вдохновляет, приносит радость и умиротворение. Отменного вам самочувствия и долгих лет жизни.

Настал ваш грандиозный юбилей,
Серьезная, значительная дата.
И пожелания здоровых, добрых дней,
Заботы и удачи необъятной!
Нет, восемьдесят пять – совсем не финиш,
Еще успехов впереди гора!
И юбиляру пожелать хочу я:
Чтоб каждый день был лучше, чем вчера!

С наилучшими пожеланиями, Кулян Мавлюшевна Сейдахметова, г. Астана.

Тұрақты комиссия отырысында

Әлішер Кенжеғалиевтің төрағалығымен тұрақты комиссияның отырысы өз мәресіне жетті. Бірінші қаралған сұрақ бойынша жергілікті полиция қызметі бастығының «Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы» аудандық комиссияның жұмысы туралы есебі тыңдалды. Аудан аумағында аудан әкімімен бекітілген 7 қоғамдық көмекші тіркеліп жұмыс істейді. Есепті кезеңде жоғарыда аталған азаматтар тұрақты негізде учаскелік полиция инспекторларымен бірге есепте тұрған контингентерді бірлесіп тексеріп, әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтады. Олардың көмегімен 30-дан астам әкімшілік құқық бұзушылық анықталды.

Полиция бөлімінің көмекшілікке толмағандармен жұмыс істеу жөніндегі инспекцияның жұмысы туралы баяндамасымен учаскелік полиция инспекторы тыңдалды. 2024 жылдың 12 айында көмекшілікке толмағандар арасындағы қылмыстың жай-күйін талдау негізінде аудан аумағында 6 қылмыстық құқық бұзушылық тіркелген. Аудан мектептерінде құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында учаскелік полиция инспекторлары директорлардың тәрбие жөніндегі орынбасарлары, сынып жетекшілері, әлеуметтік педагогтар, психологтардың және медицина қызметкерлерінің қатысуымен оқушылармен құқықтық тақырыпта дәрістер, әңгімелер өткізеді. Мемлекеттік органдармен «Көмекшілікке толмағандар арасындағы қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша» жоспар әзірленді.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселесі бойынша

«Мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» ММ басшысы сөз сөйледі. Мекеме 2024 жылы мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысы ретінде 85 конкурс жариялады.

Тұрақты комиссия отырысы барысында аудандық мәслихат төрағасы Нұрбек Сексенов көктемгі сұрақтарының өмірі мен денсаулығына қауіп төнгеніне қарамастан, учаскелік полиция инспекторларымен, ауылдық округ әкімдерімен, құтқарушылармен бірлесіп, зардап шеккендерге көмектескен қоғамдық көмекшіге және төрт ауыл тұрғынына Бұланды аудандық полиция бөлімінің грамоталарын және бағалы сыйлықтарын табыс етті.

Ерлер есімдері: Руслан Джалмағанбетов (Ивановка ауылы), Антон Кляйн (Капитоновка ауылы), Анатолий Худяков (Вознесенка ауылы), Владимир Шульга (Вознесенка ауылы), Александр Майер (Вознесенка ауылы).

Аудандық мәслихат депутаттары атынан сіздерге зор денсаулық, отбасылық амандық, жұмыста табыс және бар жақсылықты тілейміз.

Аудандық мәслихат аппараты.

На заседании постоянной комиссии

Под председательством Алишера Кенжеғалиева состоялось заседание постоянной комиссии районного маслихата.

По первому вопросу был заслушан отчет начальника местной полицейской службы о работе районной комиссии «Об участии граждан в обеспечении общественного порядка». На территории нашего района, утвержденные и зарегистрированные акимом района, работают 7 общественных помощников. За отчетный

период времени вышеуказанные граждане на постоянной основе вместе с участковыми инспекторами полиции совместно проверяли подучетный контингент, выявляли административные правонарушения. С их помощью выявлено более 30 административных правонарушений.

С докладом отдела полиции о работе инспекции по делам несовершеннолетних был заслушан участковый инспектор полиции. Анализ состояния преступности среди несовершеннолетних за 12 месяцев 2024 года показывает, что на территории района зарегистрировано 6 уголовных правонарушений. В целях профилактики правонарушений в школах района участковыми инспекторами полиции, в присутствии заместителей директоров по воспитательной части, классных руководителей, социальных педагогов, психологов и медицинских работников с учащимися проводятся лекции, беседы на правовую тематику. С государственными органами разработан план «По профилактике преступлений и правонарушений среди несовершеннолетних».

С докладом о работе, проведенной ГУ «Отдел государственных активностей и закупок» выступил руководитель отдела. В сфере государственных закупок за 2024 год отделом как единым организатором государственных закупок было объявлено 85 конкурсов.

В ходе заседания Постоянной комиссии председатель районного маслихата Нурбек Сексенов вручил грамоты отдела полиции Бұландынского района и

«Ел бірлігі, әсіресе, қиын-қыстау сәттерде сыналады. Биыл біз бұрын-соңды болмаған «алапат тасқынмен» бірлесе күресіп жатырмыз. Әр азаматтың бір-біріне тілеулістігі арқылы бүкіл ұлттың тұтастығын таныта білдік. Қазақстан халқы тарихтың күрделі кезеңінде жұрт болып жұмылып, табысқа жете алатынын тағы да дәлелдеді».

Мемлекет басшысы Қ. К. Тоқаевтың Қазақстан халқы бірлігі күнімен құттықтауынан.

«Общенациональное единство проходит проверку на прочность в дни испытаний. В этом году мы сообща боремся с беспрецедентными паводками. Единение нации убедительно проявилось в бескорыстной взаимопомощи, искреннем сопереживании граждан друг другу. Мы вновь показали, что в тяжелейшие моменты истории народ Казахстана един и настроен на достижение успехов и побед».

Из текста поздравления Главы государства К. К. Токаева с днем единства народа Казахстана.

ценные подарки одному общественному помощнику и четверем сельским жителям, которые в весенние паводки, не оставшись в стороне, рискуя собственными жизнями и здоровьем совместно с участковыми инспекторами полиции, акимами сельских округов, спасателями проявили героизм и помогли пострадавшим.

Вот имена героев: Руслан Джалмағанбетов (село Ивановка), Антон Кляйн (село Капитоновка), Анатолий Худяков (село Вознесенка), Владимир Шульга (село Вознесенка), Александр Майер (село Вознесенка).

От лица депутатов районного маслихата желаем вам крепкого здоровья, семейного благополучия, успехов в работе и всего самого наилучшего.

Аппарат районного маслихата.



РЕДАКЦИЯ ПОШТАСЫНАН – ИЗ ПОЧТЫ РЕДАКЦИИ

Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі

Алаштың ақиық ақыны Мағжан Жұмабаев «Жас бала – жас шыбық. Жас күнінде қалай иіп тастасаң, солай өседі» дейді. Иә, атам қазақ сәбиін бесік жырымен жұбатып, әнмен әлдилеп, ертегімен елітіп, жыр-дастанмен құлақ құрышын қандырған.

Отбасылық өмір – бұл қуаныштарға, қиындықтарға және жауапкершіліктерге толы күрделі және ерекше әлем. Отбасылық өмірдің ерекше маңызды аспектісі – бала тәрбиесі. Бұл процестің психологиясы бала дамуының аспектілерін ғана емес, сонымен қатар ата-аналардың өзара әрекетін, олардың тәрбиеге деген көзқарастарын және салауатты отбасылық ортаны құруды қамтиды.

Жалпы, баланың тәрбиесіне әсер ететін төрт фактор бар: отбасы, сыртқы орта (көше), мектеп, қоғам және жалпы қоғамдық мәдениет. Негізгі отбасында қаланады мораль мен этика, этикалық-эстетикалық көзқарастар, тұлғалық баланың қасиеттері. Негізгі баланы жастан емес, бесіктен, тіпті, ана құрсағынан бастап тәрбиелеуді ерте ұғынған маңызды. Әдетте, адам барлық нәрсені өмірге келген соң үйренеді, көреді, біледі, көңіліне түйеді. Алайда, сәбидің ана құрсағындағы тәрбиесі аса маңызды орын алмақ. Өйткені, бала ана құрсағында болғанда анасы не нәрсені көбірек үйренсе, көбірек білсе, кейін бала да сол нәрсені тез игереді екен. Балалар жақсы және жаман әдеттерді ата-анасынан үйренуге тырысады.

Кейбір ата-ананың функциялары баланың физикалық күтімімен тоқталады, ол негізгі материалдық тұрғыдағы заттарды әперуі және тамақтану денгейіне дейін жетеді. Өз өмірін әлі басқара алмаған бала өз еркімен мәселелерімен, сұрақтарымен қалады. Сондай көз қарастың салдарынан проблемалар туындаған кезде ата-аналар тыйым салуымен, белдікпен тәрбиелейді. Осылайша балалар қатыгездікке үйренеді, демек басқаларды қорлауға, әлжетімдік көрсетуге. Сол себептен Аристотельдің: «Тәрбиенің тамыры ащы, бірақ жемісі тәтті», - деп айтқанындай тәрбие беру оңай шаруа емес. Әке-шешеге асқан сабырлықты әрі зор мейірімді қажет етеді. Бала мектеп жасына дейін қылығымен сүйкімді. Мектепке барған күннен әке-шешенің сабыры сарқыла бастайды. Осы кезде баланың бес алуы үшін кейбір адам баланы «тәрбиелей» бастайды. Бала әке-шешесін танымай қалады.

Кеше айналып толғанған әке, бүгін төбесінен төніп құтын қашыруда. Тәрбиеде ең маңызды екі тәсіл: ЖҰМСАҚТЫҚ пен МЕЙІРІМДІЛІК. Қаталдық «жемісін» тез бергенімен, тұрақсыз келеді. Ал жұмсақ әдіспен тәрбиелеу ұзақ күтімді қажет етеді. Алайда, оның жемісі мол.

Әлем тез өзгеруде, балаларды тәрбиелеудегі кейбір классикалық әдістер мен тәсілдер енді тиімді емес және қайта қарауды қажет етеді. Балалар ақпаратты тезірек қабылдай бастады және әлемде не болып жатқанын біле бастады. Ата-аналар балаларына қатысты беделін бұрынғыдан әлдеқайда ерте жоғалтады. Ата-ана тәрбиесінде алтын ортаны қалай табуға болады және асыра қорғау арқылы зиян келтірмеу керек. «Ата-ананың шектен тыс қорғануы өз баласын барлық жағынан қатаң бақылауға ұмтылуынан көрінеді. Олар балаға әлемді өз бетінше зерттеуге және оны қиындықтардан асыра қорғауға мүмкіндік бермейді. Соның салдарынан өседі, бірақ өмірге бейімделмейді, қателіктерінен сабақ алмайды. Оған өз өміріне жауапкершілік алу, таңдау жасауды және өз бетінше шешім қабылдауды үйрену өте қиын болады». «Көбінесе балаға қандай да бір себептермен қалағанына жете алмаған ата-ананың ақталмаған үмітін ақтау рөлі беріледі. Бұл ретте оның тілегі ескерілмейді».

«Қазіргі ата-аналардың көбісі баласының «өзін дұрыс ұстауы» күтеді, бірақ олар одан нақты не қалайтындарын білмейді. Мұның бәрі жасырын немесе ашық қарама-қарсылыққа әкеліп соғады, ол мектептегі нашар үлгерімнен, жаман мінез-құлықтан, баланың мұғалімдер мен құрбыларына ашық агрессиясынан көрінеді». Мысалы, бала жақсы оқитын шығар, бірақ оның мінез-құлық мәдениеті мүлде жоқ, төбелеседі, түкіреді, мұғалімдерге балағаттайды, әлсіздерді қорқытады. Үлкендерге, жалпы басқа адамдарға бағыну және құрметтеу қажеттілігін түсіну мүлдем жоқ.

Ата – ананың маңызды бала тәрбиесіндегі бірлескен негізгі аспектілері:

Ортақ құндылықтар мен принциптер: ата-аналар бала тәрбиесіне қатысты өз көзқарастарын талқылауы керек.

Рөлдік өзара әрекеттестік: Әрбір ата-ананың бала өмірінде алатын орны ерекше, ол әке де, ана да бірдей жауапты дегенді білдіреді «Әке көрген – оқ жонар, ана көрген – тон пішер», - деген аталы сөз ұлға – әкенің, қызға –

ананың берер тәрбиесінің маңызды екендігін ұғындыратындай.

Эмоциялық қолдау: ата-аналар бір-бірін сыйлауға, тыңдауға дайын екенін көрсетіп, өз тәжірибелерімен бөлісуге және қиын жағдайларды бірлесіп шешу жолдарын табуға дайын болуы керек.

Білім беру және дамыту: Ата-аналар баласының дамуына, оның қызығушылықтарын қолдауға және дарындылығын дамытуға көмектесуі керек.

Қолданылатын стратегиялары:

Ашық диалог: Тұрақты, ашық әңгімелер ата-аналар арасындағы өзара түсіністікті сақтауға көмектеседі және балада пайда болған сұрақтарға жауап алады. А.Макаренко «Баламен тек сөйлескенде, оны ақылға үйреткенде немесе бір нәрсені орындауда бұйырық бергенде мен тәрбиелеп жатырмын деп ойламаңыз. Сіз өмір бойы оған білім беру сабақтарын бересіз, тіпті сіз үйде жоқ кезде де. Ол ата –анасының киінгенде де, сөйлегенде де тіпті басқа адам туралы айтқанда, қаншалықты бақытсыз немесе қаншалықты қайғыда екенің, қалай досқа, дұшпанға қалай қарайтының – мұның бәрі балалар үшін мәні бар» деп жазды. Ол білдіреді баланы сөзбен емес өз істерімен тәрбиелеу керектігі.

Ортақ мақсаттар: Бұл табысты отбасылық тәрбиенің негізгі элементі.

Икемділік және бейімделу: Бала дамуының әртүрлі кезеңдері әртүрлі тәсілдерді қажет етеді және ата-аналар өздерінің ата-аналық стратегияларын өзгертуге дайын болуы керек.

Өзара қолдау: бұл қиын туындаған жағдайларда, жауапкершілікті бөлісу және өзара сыйластық.

«Бала жүрегіне қадам» жаттығуы өткізілді, мақсаты: ұрпақтар арасындағы түсіністік үлгісін дамыту. Ата – аналар үш топта «мұғалім» «ата – ана» және «бала» топтарында мәселені үш жақтан қарастырып шешімін ұсынды. Ата – аналарға мүмкіндік болды баланың көзімен мәселені көріп, түсінуге тырысуға.

Қорытындылай келе, ата-ананың екеуінен де күш-жігерді, түсіністік пен үйлестіруді қажет ететін отбасылық өмірдің маңызды аспектісі. Бұл процестің психологиялық аспектілерін түсіну, отбасыларға балаларына қолдау көрсететін және тәрбиелейтін ортаны құруға, олардың әл-ауқаты мен отбасылық өмірдегі үйлесімділікке ықпал етуге мүмкіндік береді. «Балаңыздың балалық шағында физикалық ғана емес, эмоционалдық жағынан да жақын болуы маңызды. Ол өскен сайын оның қажеттіліктерін түсінуі үйренеді. Бала үшін емес, онымен бірге ол кездескен қиындықтарды жеңіп, жеңістер мен жетістіктерге қуану, бірақ сонымен бірге оған жеке кеңістік беру. Негізінде ұлт болашағы жас ұрпақ екенін ата-ана мен қорғашан орта, қоғам, мектеп жақсы түсінуі керек. Сол ұлт болашағын қалыптастыруда тәрбие басы ата-аналардан басталады. Ел үшін еңбек ету тәрбиенің жемісі болмақ.

Л. ХАНАЕВА, Макинск қаласының мектеп-лицейі» КММ мектеп психологы.

День памяти

8 февраля отмечается День вывода Отдельного стрелкового батальона с Республики Таджикистан. Вооруженные Силы РК совместно с пограничной службой КНБ РК, а также Внутренние войска МВД РК в период с 1992 года по 2001 годы выполняли первую боевую задачу Независимого Казахстана по охране внешних границ СНГ на Таджикско-Афганском участке. Всего за указанный период прошли службу на Таджикско-Афганской границе свыше 8000 военнослужащих, 54 из них погибли, более 400 получили ранения и увечья. Самыми кровопролитными событиями, которые произошли 7 апреля 1995 года в Пшихаврском ущелье, где за один пятитчасовой бой наша казахстанская 7-ая рота Внутренние войска МВД РК потеряла убитыми 17 воинов казахстанцев и 33 человека получили ранения. Наши солдаты и офицеры выполнили свой воинский долг с честью!

По традиции ветераны боевых действий на Таджикско-Афганской границе, проживающие ныне в районе, организуют памятное мероприятие. В этом году не все сослуживцы смогли прийти на памятную встречу, но каждый из них всегда хранит в сердце память о годах службы. В этом году отмечается 24-годовщина вывода Отдельного сводного стрелкового батальона РК с Республики Таджикистан.

Ветераны возложили цветы к монументу Победы, минутой молчания почтили память не вернувшихся в семью молодых военнослужащих.

А. АМАНЖОЛОВА.



Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша кездесу

Ауданда теолог-маман волонтерлермен діни және құқықтық сауаттылықты арттыру бойынша «Деструктивті діни ағымдардың қоғамға зиянды әсері» тақырыбында кездесу өткізді.

Теолог зайырлы мемлекет, діни экстремизм мен терроризм ұғымдары, деструктивті діни ағымдардың және ғаламтор желісі арқылы діни білім алудың қауіптілігі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында сот шешімі бойынша тыйым салынған экстремистік, террористік ұйымдар туралы кеңінен ақпарат берді.

Бұланды аудандық жастар ресурстық орталығы.



Мәслихаттың қоғаммен байланысын ұйымдастыру негіздері

Мәслихат сессиялары, әдетте, ашық сипатта өтеді.

Мәслихаттар жергілікті атқарушы билік органдарының қызметіне мемлекеттік және қоғамдық бақылау функцияларын жүзеге асыруға шақырылады.

Тұрақты комиссиялар өз бастамасы бойынша немесе мәслихаттың шешімі бойынша жария тыңдаулар өткізе алады.

Мәслихаттың тұрақты комиссиялары өз жұмыстарына тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс аумағында орналасқан барлық тұрғындарды қатыстыруға құқылы.

Мәслихаттың уақытша комиссияларының құрамына мәслихаттың депутаты емес, азаматтардың арасынан сараптамашылар, мамандар қатыстырылады.

Мәслихат депутаты жалпы мемлекеттік мүдделерді ескере отырып, тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністегі халықтың еркін білдіреді.

Депутат өз округінің сайлаушыларымен, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен және ұйымдармен кездесулер, жиналыстар өткізуге құқылы.

Депутат мәслихаттың, оның тұрақты комиссияларының және өзге де органдардың жұмысы туралы хабардар ете отырып, өз сайлаушыларымен тұрақты байланыста болады.

Депутат өзіне келіп түскен сайлаушылардың өтініштерін қарайды, азаматтарды үнемі жеке қабылдауды жүргізеді.

Ф. АНКИНОВ, аудандық мәслихаттың бас маманы.

Основы организации связи маслихата с общественностью

Сессии маслихата носят, как правило, открытый характер.

Маслихаты, призваны осуществлять функции государственно-го и общественного контроля за деятельностью местных органов ис-полнительной власти.

Постоянные комиссии по собственной инициативе или по решению маслихата могут проводить публичные слушания.

Постоянные комиссии маслихата имеют право привлекать к участию в своей работе представителей всех слоев населения соответствующего административно-территориального образования.

В состав временных комиссий маслихата могут привлекаться специалисты, эксперты из числа граждан, не являющихся депутатами маслихата.

Депутат маслихата, выражает волю населения, в соответствующих административно-территориальных единицах с учетом общегосударственных интересов.

Депутат вправе проводить встречи, собрания с избирателями своего округа, а также с органами местного самоуправления и организациями.

Депутат поддерживает постоянную связь со своими избирателями, информируя их о работе маслихата, его постоянных комиссий и иных органов.

Депутат рассматривает поступившие к нему обращения избирателей, регулярно ведет личный прием граждан.

Г. АНКИНОВ, главный специалист районного маслихата.

Назар аударыңыздар!

Ағымдағы жылдың 15 ақпанымен 15 наурыз аралығында Бұланды ауданының аумағында су тасқынына қарсы алдын алу іс-шаралар айлығы өткізіледі:

Төтенше жағдайлардың алдын алу желісі бойынша, атап айтқанда еріктілер мен студенттерді тарта отырып, ауданның елді мекендерінде су тасқынына қарсы алдын алу іс-шаралары. Негізгі міндеттер Бұланды ауданының тұрғындарына алдағы көктемгі қардың еруі туралы және оны аулалардан шығару, аулаларға еріген қар суының кіруіне жол бермеу үшін көктемгі су жолдарын, арықтарды дайындау қажеттілігі туралы алдын ала ескерту болып табылады.

Айлықты: Бұланды ауданының Макинск қаласы және округ әкімдері, сондай-ақ және азаматтық қорғау гарнизоны барлық елді мекендерде өткізетін болады. Осы өткізетін іс-шараларға түсіністікпен қарауларыңызды сұраймыз.

Бұланды ауданының азаматтық қорғау гарнизоны.

Фото газеттің архивінен.



ЖОЛДАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ – РЕАЛИЗАЦИЯ ПОСЛАНИЯ

«Ұлттық қор - балаларға» бағдарламасына қатысты өзекті сауалдар

1) «Ұлттық қор - балаларға» бағдарламасына кім қатысады? БЖЗҚ ақпаратты қандай көздерден алады?

Бағдарламаға 18 жасқа дейінгі барлық балалар, яғни 2006 жылы және одан кейін туған Қазақстан азаматтары қатысады. Бұл ретте 2006 жылы туған балалар 2024 жылы 18 жасқа толып, оларға Ұлттық қордан қаражат есептелуін тоқтатты.

БЖЗҚ балалар туралы барлық мәліметтерді «Жеке тұлғалар» мемлекеттік дерекқорынан алады. Ұлттық қордың валюталық бөлігінің алдыңғы 18 жылдағы орташа инвестициялық кірісі туралы ақпаратты БЖЗҚ-ға ҚР Ұлттық Банкі береді.

БЖЗҚ бір балаға тиесілі нысаналы талаптардың есебін ҚР ҰБ есептеген нысаналы талаптардың жалпы сомасы мен есепті жылдың соңындағы Бағдарламаға қатысушылардың саны негізінде жасады. Бұл ретте:

- Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылған, есепті жылы Қазақстан Республикасының азаматтығынан шыққан;

- бұрын есепке алынбаған, бірақ нысаналы талаптарға қатысуға құқығы бар;

- бұрын ескерілген, бірақ нысаналы талаптарға қатысуға құқығы жоқ

балалардың нысаналы талаптарының сомасына жасалған түзетулер де ескерілді.

2) Нысаналы талаптар мен нысаналы жинақтардың айырмашылығы неде?

Нысаналы талаптар - Қазақстан Республикасы Үкіметінің еліміздің он сегіз жасқа толмаған азаматтары алдындағы Ұлттық қордың инвестициялық кірісінің 50 пайызы есебінен жыл сайынғы міндеттемелері.

Нысаналы жинақтар - алушының - он сегіз жасқа толған және нысаналы жинақтарды алуға құқығы бар Қазақстан Республикасы азаматының нысаналы жинақ шотында жинақталған ақшасы.

Нысаналы талаптар БЖЗҚ-дағы нысаналы жинақ шотына есепке алынатын, ақшалай эквивалент түріндегі (АҚШ долларымен) нысаналы жинақ мәртебесіне кәмілеттік жасқа толған кезде ие болады. Нысаналы жинақты алушы 18 жасқа толған кезінде бұл қаражатты тұрғын үй жағдайын жақсарту және (немесе) білім алу ақысын төлеу мақсатында пайдалануға құқылы.

3) 2025 жылы 18 жасқа толатын балалар «Ұлттық қор - балаларға» бағдарламасына енгізілді ме және олар қанша соманы алады?

Иә, 2025 жылы 18 жасқа толатын Қазақстан Республикасының азаматтары болып есептелетін балаларға 2024 жылға, яғни бала әлі 18 жасқа толмаған есепті жылға нысаналы талаптар есептелді. Нысаналы талаптар бірден нысаналы жинақтар мәртебесіне ие болды және алушының БЖЗҚ-дағы нысаналы жинақтау шотына есептелді.

Естеріңізге сала кетейік, 2024 жылы барлық балаларға 100,52 АҚШ доллары есептелген. 2025 жылы 129,38 доллар және өткен жылғы мақсатты талаптарға 3,04 доллар инвестициялық кіріс. Осылайша, 2007 жылы туылған азаматтардың мақсатты жинақтау шоттарында 232 доллар және 94 цент бар. Бұл есептеулерді кәмілетке толғандар enpf.kz электрондық цифрлық қолтаңбаның көмегімен сайттағы жеке кабинетте көре алады.

Алайда, жас отандастарымыз оны нысаналы мақсаттарына тек 18 жасқа толғаннан кейін ғана қолдана алады. Мысалы, бала 18 жасқа 2025 жылдың қазан айында толады делік. Оған тиесілі АҚШ долларындағы нысаналы жинақтары баланың БЖЗҚ-дағы шотына 2025 жылдың басында есептеліп қойды. Бірақ ол аталмыш қаражатты тек 2025 жылдың қазан айында, яғни кәмілетке толғаннан кейін ғана пайдалана алады.

4) Баланың «Ұлттық қор - балаларға» бағдарламасына қатысатындығын қалай білуге болады?

БЖЗҚ-ның kids.enpf.kz сайтындағы «Нысаналы талаптарға қатысушыны іздеу» бөліміне баланың ЖСН енгізіп, «Тексеру» батырмасын басу керек. Бала нысаналы талаптарға қатысушы болған есепті жыл және оның нысаналы талаптарының жалпы сомасы көрсетілген ақпарат беріледі. Сонымен қатар, сайтта балалардың туған жылдары бойынша бөліністе Нысаналы талаптар мен нысаналы жинақтардың қалыптасу тарихы ұсынылған, онда есептелген сомалар, инвестициялық кіріс, сондай-ақ, нысаналы жинақтардың (НЖ) БЖЗҚ-дағы нысаналы жинақтау шотына есептелген жылы көрсетіледі. Баланың бағдарламаға қатысатынын eGov mobile электрондық үкіметі мен екінші деңгейдегі банктердің қосымшаларынан да тексеруге болады.

5) Егер балаға 2024 жылы нысаналы талаптар есептелмеген болса, 2025 жылғы есептеулер өткен жылды ескере отырып жүргізілді ме?

Егер бала қандай да бір себептермен нысаналы талаптарға қатысушылардың тізіміне енгізілмесе, сәйкесінше олардың жалпы санын есептеу кезінде ескерілмесе, бірақ мұндай қатысушы болуға құқығы бар болса, онда өткізіп алған кезеңі (кезеңдері) үшін нысаналы талаптар жүгінген немесе ЖТ МДҚ-да ақпарат жаңартылған жылдан кейінгі жылы есептеледі.

Осылайша, егер бала 2023 жылға арналған электрондық тізімде болмаған және оған 2024 жылы нысаналы талаптар есептелмеген болса, бірақ бұл ретте оның қатысушы болуға толықтай құқығы болған және ол туралы ақпарат ЖТ МДҚ-дан БЖЗҚ-ға түскен болса, оған 2025 жылы нысаналы талаптар өткізіп алған кезең мен инвестициялық кірісті ескере отырып, толық көлемде есептелді.

6) Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында нысаналы жинақ қанша уақыт сақталады?

Нысаналы жинақтар БЖЗҚ-дағы нысаналы жинақтау шотында бағдарламаға қатысушы 18 жасқа толғаннан кейін 10 жыл бойына АҚШ долларымен сақталады. Осы мерзім өткеннен кейін қатысушы пайдаланбаған нысаналы жинақтау сомалары нысаналы жинақтау шотынан оның ерікті зейнетақы жарналарын есепке алу үшін ашылған жеке зейнетақы шотына автоматты түрде аударылады. Қаражат ЕЗЖ есепке алынатын шотқа аударым күніндегі ресми бағам бойынша теңгемен есептеледі.

Ерікті зейнетақы жинақтарын пайдалану шарттары мен тәртібі ҚР зейнетақы заңнамасында көзделген.

7) Нысаналы жинақтарға тыйым салу, алып қою немесе оларды жұмсау бойынша шектеу қойылуы мүмкін бе?

Қазақстан Республикасының бірқатар заңнамалық актілеріне қандай да бір шектеулер белгілеуге тыйым салатын нормалар енгізілді.

Ұлттық қордан берілетін нысаналы жинақтар төлеміне:

- банк шоттарындағы ақшаға тыйым салу немесе өндіріп алуды қолдануға;
- банк шоттарындағы ақша қаражаты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға;
- жинақты алушының келісімінсіз алып қоюға;
- банктегі ақшаға билік етуді уақытша шектеуге;
- жеке табыс салығын салуға тыйым салынады.

8) Ата-аналарға нысаналы талаптарды/нысаналы жинақтарды тексеру мүмкіндігі беріледі ме?

Кәмілетке толмаған баланың ата-анасы немесе басқа да заңды өкілдері нысаналы талаптардың есептелуі туралы ақпаратты eGov mobile электрондық үкіметінің ұялы қосымшасынан, kids.enpf.kz сайтынан, сондай-ақ, екінші деңгейдегі банктердің қосымшаларынан да тексере алады.

Бала он сегіз жасқа толғанда оған «БЖЗҚ» АҚ-да нысаналы жинақтарды алушының (кәмілетке толған баланың) өзі ғана қол жеткізе алатын нысаналы жинақтау шоты ашылады.

9) Ұлттық қордан төлем алу үшін банктік шотты қандай банктерде ашуға болады? «Ұлттық қор - балаларға» жобасына қатысу үшін банктерге қойылатын қандай да бір алышарт немесе талаптар бар ма?

ҚР «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» заңында (бұдан әрі - Заң) уәкілетті операторларға кімнің жататыны туралы ұғым мен «БЖЗҚ» АҚ-ға уәкілетті операторлармен өзара іс-қимыл жасау бойынша міндеттер ғана бекітілген.

Осылайша, Заңда екінші деңгейдегі банктерге ешқандай шектеу қойылмаған, БЖЗҚ-мен тиісті келісім жасасқан Қазақстанның кез келген екінші деңгейдегі банкі қатыса алады. Бұл екінші деңгейдегі банктер де, «Қазпошта» ұлттық операторы да болуы мүмкін. Бүгінгі күні уәкілетті операторлар болып «Отбасы банкі» АҚ (тұрғын үй және білім алу бойынша) және «Халық банкі» АҚ (білім алу бойынша) бекітілген.

10) Бала ақшаны бірден 18 жасында емес, кейінірек 20 немесе 25 жасында пайдалана алады ма?

Бала 18 жасқа толғанда оның атына БЖЗҚ-да нысаналы жинақтау шоты автоматты түрде ашылады және оған Ұлттық қордан тиесілі қаражат есептеледі. Ақша АҚШ долларымен аударылады және нысаналы жинақтау шотында 10 жыл сақталады.

